



**Егемен Қазақстан**

## Тұнық бастау

Кез келген адамның, кейін ол мейлі дара болсын, мейлі дана болсын, ең алдымен бала болатыны атар таңдай ақиқат, шығар күндей шындық. Сондықтан бүгін біз бала Тұрсынды, бозбала Тұрсынды, түбіт мұрт Тұрсынды көбірек әңгімелейміз. Қазіргі алты Алаш аялаған абыз Тұрсынға негіз қалаған нағыз Тұрсынның бейнесін бедерлеуге тырысамыз. Атақты Марғасқа жыраудың «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» деп жырлайтыны сияқты, біз де қарымды қаламгер, ғибратты ғалым, парасатты профессор, айбарлы алаштанушы, әлеуетті әуезовтанушы Тұрсын Жұртбайдың бала кезін еске саламыз, шығармашылық бастауының бал-бұлақтарын іздейміз.



Тұрсын Жұртбайдың әдепкі мақалалары ботатірсек бозбала кезінде жарық көрді. Он бес жасар ойлы баланың аудандық газетке шыққан «Сәнді құрылыс» және «Қыз қиялы қияда» деген мақалалары публицистикасына жол ашты. Сөзінің бісмілләсін «сән» мен «қыздан» бастаған жас қаламгердің о баста талғамы жоғары, мақсаты биік болған сыңайлы.

Тегінде өзгелер секілді оның шығармашылығы да ақындықтан нәр алған. Мазасыз баланың махаббат лирикасы мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қылаң беріпті. Онда да әдеттегідей жоғары класта емес... Үшіншіде ме, төртіншіде ме оқып жүргенде класындағы Жаңыл деген қызға көңілі кетіп, дөңбекшіп жатып күн ұзаққа өлең өреді. Жастайынан қолына алған әйгілі «Қыз Жібек» жырының сарынымен сарнап отырып жазған өлеңінің сипаты шамамен мынадай болып келеді: «Аспандап ұшқан алты қаз, Артым көктем, алдым жаз, Қалқатайға көз алып, Сол жымиса, болдым мәз. Сені ешкім мендей сағынбас, Саған жар мендей табылмас, Сезімім сергек болса да, Жүрек бізге бағынбас. Аспандап ұшқан алты қаз, Жаңылға сәлем айта бар. Таба алмасаң ол қызды, Әуелеп ұшып қайта бар. Бақытым болшы қолымда,

Жарығым болшы жолымда, Сен Жібек, мен Төлеген, Өле қалсам, оқ тиіп, Сансызбайым жоқ соңымда». Өзінің де, жүрегінің де жалғыздығын осылай аңғартты албырт жас ақын. Өкінішке қарай топшысы қатаймаған Тұрсын шайырдың өлеңнің өрісі кең, өресі биік болғанымен, жұдырықтай қыз жүректен шыққан жырды онша құлағына қыстыра қойған жоқ.

Біздің кейіпкеріміз көп ұзамай басқа мектепке ауысып кеткен Жаңылмен тура елу жылдан соң кездесіп, амандық-саулық сұрасыпты. Кездескені бар болсын, арнайы барған алпыс екідегі Тұрсын ағама алпыс үштегі Жаңыл апам жақсылап бір жылы жымыпты да қойыпты. Сонда да сол жолы Семей жерінде сезімдердің сәулесі ойнап тұрған көрінеді. Жүрекке әжім түспейді деген осы да. Бірақ бұл жүздесу біздің кейіпкеріміздің өзінің жырына да, сөзінің сырына да адал екенін дәлелдеді.

Сол мектепте оқып жүрген жылдарында Бердібек Соқпақбаевтың атақты «Менің атым Қожасы» баспадан шыға қалсын. Соны оқыды да, бала Тұрсын жазушы Бекенге жатып келіп ренжиді. «Мына кісі менің жазатын нәрсемнің бәрін жазып қойыпты ғой. Повестегі ауыл – біздің ауыл. Ондағы оқиғалар – мені басымнан кешкен жайттар. Жанар деген – Жаңыл, қара Қожа деген – мен, кәдімгі қара Тұрсын. Соның бәрін айна-қатесіз дәл осылай жазуға бола ма?!» деп қатты қапаланады.

Тұрсын көкемнің тасқа басылған алғашқы өлеңін небәрі он алты жасында Оралхан Бөкеевтің өзі «Лениншіл жасқа» жариялапты. Өлеңді қанша жазғанымен, ақыры ақын болмады, есесіне қарасөздің хас шебері болды. Жырының тұсауын арқалы ақын емес, жүйрік жазушы кескені кейін прозаик боларына көрінген шығар.

Тұрсын Жұртбай алдымен Қызылтастыбұлақ, Екіаша, Башкөл ауылдарындағы бастауыш және орталау мектептерде, сосын Шағандағы орта мектепте оқыды. Сөйтіп, сонау мектеп қабырғасында жүргенде-ақ, бүгінгі бакалавриат, магистратура, докторантура сияқты үш сатылы жолдан өтті. Жұртбайдың ұрпағы жұрт секілді жалғыз мектепте тұрақтамай, екі-үш мектептен үш тұғырлы білім алғаны да кейін атақты ғалым болатынына көрінген шығар.

Тұрсекеңнің өмірінде мектепте әдебиеттен сабақ берген ұстазы Жәңгір Исайымованың еңбегі ерекше. Бұл Жәңгір Махамбеттің Жәңгіріндей тым қатал емес-ті. Мейірбан Жәңгір шәкіртіне жан жылуын аямай септі. Ол оған үнемі шығарма жаздырды. «Абай жолындағы» жұмбақ кейіпкерлердің құпиясының ашуға баулыды. «Ана кітапты оқы, мына кітапты оқы» деп үздіксіз тапсырма берді. Сөйтіп, астар мен қатпардың, төркін мен тұспалдың мән-маңызын тереңірек ұққан Абай ауылының ұғымтал баласы жастайынан Алаш идеясын санасына сіңірді. Ерте оянды, ерте көктеп, ерте есейді.

Тұрсын Жұртбайдың өмірбаян бастауындағы ерекше назар аударатын тұсы – оның мектеп бітіре сала Абай ауданындағы «Қызыл ту» совхозының №3 бөлімшесінің бухгалтері болып қызмет атқарғаны. Несі бар... Американың әйгілі жазушысы, қысқа әңгіменің шебері О.Генридің, ағылшынның атақты

фантаст жазушысы Герберт Уэллстің, орыстың сатирик жазушысы, драматург Михаил Зощенконың, тағы бір орыс ақыны Александр Вертинскийдің алғашқы қызмет карьерасын бухгалтер болып бастағанын ескерсек, он жеті жасында бір ауылдың есеп-қисабын шырқ үйірген Тұрсын Жұртбайдың қарымды қаламгер болып шыққанына таңғалатын дәнеңесі де жоқ. Оны айтасың, күллі әлем пролетарларын аузына қаратқан Карл Маркс пен сән мен тәннің үйлесімін сақтап, жер жүзіне даңқы жайылған әйгілі модельер Пьер Карден де жастау кезінде Тұрсын ағам секілді бухгалтер болып жұмыс істеген. Тек сол мешін жылының қысында алапат жұт болды да, бозбала бухгалтерге бөлімшенің есеп-қисабынан гөрі, қырылған малдың санына көбірек көңіл бөлуге тура келді.

Жасында есепшотқа бейім болғанымен, ол жазушылықтан басқа жолды қалай қойған жоқ. Тек атақты француз қаламгері Антуан де Сент-Экзюпери сияқты кәсіби ұшқыш-жазушы болғысы келді. Шынында да рақат қой, күні бойы көк жүзін дамылсыз шарлап, ұшып-ұшып келесің де, кешкі шайды ішіп алып, буырқанып-бусанып үстелге отырасың. Осы арманы орындалатынына титтей де күмәнданбайтын еді. Сол оймен Семейдегі авиация курсының медициналық комиссиясына барды. Осыдан аман өтсе, Ақтөбедегі авиация училищесіне аттанбақ. Бастапқыда бәрі дұрыс келе жатыр еді, Жаңыл деген дәрігер қыз жүрегінен ақау тапты. Ол бұған тілеулес болып қолын қоя салған-ды, бірақ арнайы шеңбер ішінде шыр айналдырған кезде кеуде тұсы атқақтап сала берді. Қысқасы, бұл жерде де тағы бір Жаңыл жүректен ұстады. Сонымен, белгілі жазушы атанғанымен, Экзюпери сияқты самолет штурвалын қоса ұстайтын қаламгер бола алған жоқ. Есесіне шығармалары шырқау биікке шықты. Атақ-абыройы аспандап тұр.

Жалпы, жасында бухгалтер болған жазушылардың жаманы жоқ. Өлең жазса, ұйқастары мен ырғақтарын математикалық дәлдікпен өлшеп-пішіп, көркем кестелейді. Аллитерацияға салады, ассонансқа кетеді... Тұрсекең де солай... Дәлел керек пе?

Біздің бала кезімізде «Жалын» журналында Тұрсын Жұртбайдың әр жолы «с» әрпінен басталатын «Сарғалдағым – сағынышым» деген өлеңі жарияланды. Ол кезде бұл альманахта жарық көрген дүниенің бәрі оқылып қана қоймайды, жүректе жатталады. Содан біз де жаттадық. Қазір де жадымыздан өше қойған жоқ.

*Саясы салқын, боз тоғай,*

*Сыбдыры таныс талдың да.*

*Салып ек соқпақ, із талай,*

*Сағынып мені қалдың ба?*

*Самалмен тай боп жарысып,*

*Сағымды судай кешіп ем.*

*Сағаңа келдім тағы ұшып,*

*Сақтаулы шығар несібем.  
Серуенде, Тұрсын, серуенде,  
Сарғалдақ – туған бесігім.  
Сарғайып саған келгенде,  
Сайрандап жүрсем,  
несі мін?..*

Бірақ суретке үнемі былғары күрте киіп түсетін сырбаз ақын кейін поэзияны мүлде қойып кетті. Өлеңнен қарасөзге, қарасөзден сарасөзге ауысты. Мектеп қабырғасында жүргенімізде оны қаламы жүйрік журналист ретінде танып-білдік. Жетпіс жетінші жылдың басында тегеурінді Тұрсын Жұртбайдың «Білім және еңбек» журналында «Ашық күнде неге адастың, ағайын?», «Диплом менің не теңім?» деген мақалалары жарық көріп, жер-жерде қызу пікірталас өтіп жататын.

Енді бүгін сол баяғы «Сарғалдақтың» ізімен «Серуенде, Тұрсын, серуенде, Сізге де жетпіс кеп қалды. Салт мініп жетіпкеруенге, Сексенін енді бетке алды!» деп жырлап, әңгімемізді қорытайық.

Біріншіден, оның өз өмірі өте тағылымды болды. Алыптар шоғырының алдын көрді, мыңдаған шәкіртке тәрбие берді. Ұлағатты ұстаз атанды.

Екіншіден, қаламы қарымды болды. Көркемсөз бен әдебиеттану саласында ешкімге ұқсамайтын айшықты қолтаңбасын қалдырды.

Үшіншіден, мақсат-мұратына берік болды. Ұлылар туған топырақты борпылдатып басып өскен Абай ауылының ұланы бүгінгі алаштанудың ардақтысына айналды.

Төртіншіден, жолы жақсы болды. Өзі жетпіске толып, ғылыми жетекшісін тоқсан төртке дейін аман-есен жеткізген Түрсекеңе тек қана қызығу керек!

Осының бәрі о баста оның шығармашылық бастауының тұнық болғанының арқасы. Бұл бастау кейін білім мен ғылымның түпсіз мұхитына келіп құйғаны мәлім. Енді сол тұңғық мұхиттағы Тұрсын Жұртбайдың кемесі қайырламасын, желкені биік, жолы ашық болсын деп тілейміз!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ